



10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Моральдық құқықтар





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Моральдық құқықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Туынды авторлық құқықпен қорғалғаннан бастап, оған қатысты екі түрлі құқық пайда болады. Авторлық құқықтардың бірінші иесіне берілетін экономикалық құқықтарға қоса, 1988 жылы қабылданған Заң (CDPA) бойынша, кейбір туындылардың авторларына моральдық құқықтар да беріледі.

Моральдық құқықтар автордың моральдық және экономикалық емес мүдделерін қорғайды. 1988 жылы қабылданған Авторлық құқықтар, дизайнер және патенттер Заңы (CDPA 1988), туындыларды көшірмелеу немесе тарату кезінде олардың авторлары мен режиссерлерінің есімінің аталу құқығын (авторлықты еорсету немесе атрибуция құқығы), өздері жасамаған туындының авторы ретінде көрсетілмеу құқығын (жалған атрибуцияға қарсылық білдіру құқығы) және туындының формасын бақылау құқығын (қолсұқпаушылық құқығы) береді. Біріккен Корольдіктерде мойындалған моральдық құқықтар, өзге юрисдикцияларда берілетін құқықтарға қарағанда біршама шектеулі, мысалы, өзге жүйелерде авторларға публикация немесе туындыны жариялау, түзету, түпнұсқа туындыны өзгертуге немесе құрылымын деструкциялауға қарсылық білдіру, туындыны шектен тыс сынауға қарсылық білдіру және егер автордың туындыға көңілі толмаса, оны айналымнан алып тастау құқығы беріледі (өйткені, мысалы, туынды бұдан былай автордың дүниетанымын білдіре алмайтынына немесе туындыдағы экономикалық құқықтар берілген тұлға оны пайдалана алмауына байланысты).

Біріккен Корольдіктерде моральдық құқықтарды бұзу статуттық міндеттемелерді бұзу деп танылады және келтірілген шығындардың өтелуі талап етеді. Қолсұқпаушылық пен атрибуцияға деген моральдық құқықтар, 1988 жылғы Заң бойынша (CDPA 1988), аталмыш туындыға деген авторлық құқықтар мерзімімен бірдей уақытқа беріледі. Жалған атрибуцияға қарсылық білдіру құқығының мерзімі азырақ, ол автор дүниеден өткеннен соң тек 20 жылға жалғасады. Автор дүниеден өткен соң, әдетте, моральдық құқықтарды олардың мұрагерлері жүзеге асырады, алайда кейбір елдерде, мәдениет министрлігі сынды атқарушы органдар жүзеге асырады. 1988-жылы қабылданған Заңда, моральдық құқықтар, Берн Конвенциясының 6-bis бабын жүзеге асыру үшін енгізілді, ол бойынша, Берн Конвенциясының қол қоюшы елдерінен авторларға атрибуция және қолсұқпаушылық құқығының берілуі талап етіледі. Атап айтқанда, былай делінген: Автордың экономикалық құқықтарына тәуелсіз, тіпті ол аталған құқықтарды берген күннің өзінде де, автор туындыға деген авторлыққа талаптана алады және аталмыш туындыға қатысты кез-келген бұрмалау, бұра тарту немесе өзге де модификацияларға немесе өзінің ар-намысы мен беделіне нұқсан келтіретін, туындыны төмендету іс-әрекеттеріне қарсылық білдіре алады. 6-bis бабын тура сол қалпында көшірудің орнына, британ заңнамалық органы, әрқайсында белгілі бір шарттар, шектеулер және ережеден тыс жағдайлар қарастырылған, егжей-тегжейлі статуттық ережелерін енгізуді жөн деп тапты. Осыған орай, комментаторлар, 6-баптың Біріккен Корольдіктерде жүзеге асу жолын «арсыз немесе кем дегенде, селқос» деп сипаттады. 6-bis бабын жүзеге асыруды сәтсіз атқару Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (WTO) шағымдануға негіз бола алмайтынын ескере отырып, аталмыш сын-пікірлерден айтарлықтай нәтиже шығатыны күмәнді.

Моральдық құқықтар айтарлықтай қолдауға ие болғанымен, әсіресе авторлар тарапынан, оған да біраз сын айтылуда. Жалпылай айтқанда, моральдық құқықтар, автордың тұлғасын, туындыны дүниеге келтіргенде, өзінің тұлғалық ерекшелігін туынды арқылы беретін, елден ерек тұрған шығармашылық гений етіп көрсететін романтикалық образға негізделгеніне қатысты сын айтылады. Осы модельге сәйкес, моральдық құқықтар, авторға, оның жеке тұлғасы мен туындысының арасындағы «мызғымас шығармашылық байланысты» ұстап тұруға мүмкіндік береді. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында сәннен шығып қалған романтикалық автор ұғымы, оның авторға айналу процесін шынайы сипаттай алмайтындығынан сынға ұшырады. Әсіресе, оның, шығармашылық процесстің коллаборативті және интертекстуалды табиғатын көрсете алмайтындығы қатты сыналды.

Моральдық құқықтарға қатысты тағы бір сын, оның шетелдік немесе бөтен табиғатына қатысты айтылды. Барынша нақтырақ айтқанда, континенталдық жүйелердегі авторлық құқықтардан бастау алатын моральдық құқықтар, ортақ құқық жүйесіне оңай көшіріліп және сіңістіріле алмайды деген пайымдар айтылды. Мұны жүзеге асыруға бағытталған кез-келген іс-әрекет сәтсіздікпен аяқталатынымен қоймай, қолданыстағы авторлық құқықтар режимдерін бұзады.

Сонымен қатар, моральдық құқықтар, еркін нарық қызметіне ақталмайтын араласу шарасы деп те сыналды. Мұндай аргументтер, моральдық құқықтардың, әдетте, авторлар мүддесін кәсіпкерлер, таратушылар және авторлық құқықтарды пайдаланушылардың есебінен қорғайтынын айқындай түседі. Осыны ескере отырып, авторлар топтарының аталған құқықтарының нығая түсуіне атсалысуына қарамастан (олардың ажырамас құқықтар болуына), кәсіпкерлік мүдделер құқықтардың шектелуіне және олардың ерікті нарық транзакцияларына бағынуына лобби жасауда. Моральдық құқықтарға қатысты



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Моральдық құқықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

айтылатын тағы бір сын, олардың жеке бас мүддесін көпшілік мүддесінен жоғарырақ қоятынына қатысты айтылады.

Аттрибуция құқығы немесе (статутта айтылатындай) авторлыққа деген құқық, Біріккен Корольдіктерде мойындалатын моральдық құқықтардың ішіндегі ең танымалы.

Туындының авторы болып көрсетілуінің символикалық, экономикалық және мәдени салдарлары бар. Бұның себебі, автор есімінің бірқатар түрлі рөлдерге ие болуымен байланысты. Бұл: интеллектуалдық туындыларды басқаруды (индекстер, каталогтар және библиографиялар арқылы); роялтилерді бағыттауды (мысалы, көпшілікке жалға беру схемасынан); туындыны интерпретациялауды (өйткені ол автордың психологиялық немесе биографиялық өмір тарихын білдіретіндіктен); тойлау, сыйақы төлеуді және авторлық талант немесе генийлікті қолдауды; және интеллектуалдық шығармашылықты жасаушы ретінде жеке тұлғалықты қалыптастыруды оңайлатады. Көптеген жағдайларда туындының авторы ретінде көрсетілу құқығы керексіз, себебі, туындының пайдаланылуына мүдделі барлық тараптардың авторлар болып танылуы қажет жағдайлар болады. Алайда, бұла болмайтын жағдайларда, аттрибуция құқығы өте маңызды.

Аттрибуция құқығы тек белгілі бір туындылар типтерінің авторларына ғана беріледі. Барынша нақтырақ айтқанда, бұл құқық тек әдеби, түпнұсқа драмалық, музыкалық және көркемөнер туындылары мен фильмдерге қатысты ғана қолданылады. Әдеби, драмалық, музыкалық және көркемөнер туындылары жағдайларында құқық туынды авторына беріледі. Фильм жағдайында аттрибуция құқығы режиссерге беріледі.

Осы аталған туындылардың жалпы категорияларының ішіндегі кейбір нақты түрлеріне аттрибуция құқығы берілмейді. Аттрибуция құқығы ағымдағы оқиғаларды баяндау мақсатында жасалған туындыларға берілмейді; сонымен бірге, газеттер, журналдар, мерзімді басылымдардағы материалдарға, энциклопедияларға немесе осы сынды туындыларға аттрибуция құқығы тән емес. Берн Конвенциясымен қатар қолдану қиындықтар тудыратын осы ережеден тыс жағдайлар - газет және өзге де баспа индустрияларының лоббиіне үкіметтің көндігуінің белгісі. Мұндай қарсылықтардың негізінде, туындының авторын көрсету қажеттігі жаңалықтарды уақтылы жеткізу ісіне кедергі келтіреді деген алаңдаушылық жатты. Сонымен қатар, жаңалық авторын көрсету, объективті және бейтарап болуы тиіс жаңалықтар имиджіне нұқсан келтіруі мүмкін деген де қауіптер айтылды.

Аттрибуция құқығы, егер ол бекітілмесе, пайда болмайды. Егер тіпті ол бекітілсе де, аттрибуция құқығын бұзу әрекетінде, соттар, мұндай шараларға қатысты істерді қарастырғанда, құқықты бекітумен байланысты болған барлық кідірістерді есепке алады. 6 bis бабы, Одақтың мүше-мемлекеттерінен бар болғаны, авторларға авторлықты «талап ету» құқығын беруге міндеттейтіндіктен, бекіту талабын қою ақталады делінеді. Дегенмен де, мұндай түсіндірме жарамайды деген пайым да айтылды, өйткені Берн Конвенциясының 5(2) бабы, авторлардың «аталған құқықтарды пайдалануы мен жүзеге асыруы ешқандай ресми процедураларсыз жүруі керек» деп талап етеді. Интеллектуалдық меншік құқықтарының саудамен байланысты аспектілеріне қатысты Келісім (TRIPS), Берн Конвенциясының 6 bis бабының енгізілуін талап етпейтіндіктен, аталған аргументтердің артықшылықтары ДСҰ алдында тексерілуі екіталай.

Көркемөнер туындыларына қатысты, бекітудің тағы екі қосымша жолы бар. Біріншіден, егер суретші немесе иелігінде түпнұсқасы бар, бөліктерге деген авторлық құқықтар иесі түпнұсқада, көшірмеде, бағетте, паспартуда немесе өзге де қосымшаларда көрсетілсе, онда құқық бекітіледі.

Аттрибуция құқығы, туындыны белгілі бір жағдайларда қарастыру кезінде, авторлар мен режиссерлердің есімдерінің туынды авторы ретінде көрсетілуіне құқығы бар деп қарастырады. Аттрибуция құқығын бұзылды деп саналады, егер:

- автор тиісті дәрежеде көрсетілмесе;
- туынды аттрибуция талап етілетін жағдайларда орындалса; және
- қорғаныстардың ешқайсысы немесе ережеден тыс жағдайлар қолданылмаса.

Егер автор туындының авторы ретінде тиісінше айқын көрсетілмесе, онда аттрибуция құқығы бұзылды деп саналады. «Материалдарды дайындап бергені» үшін тұлғаға жай ғана алғыс білдіру, оның авторлығын анықтау дегенді білдірмейді деп шешілген. Авторлық тиісінше анық көрсетілуі үшін, автордың есімі туындыда немесе әрбір көшірмеде анық және барынша көзге көрінетіндей түрде көрсетілуі керек. Егер автордың есімі туындының әрбір көшірмесінде көрсетілуге келмейтін жағдай болса, оның есімі көшірмені алушыға анық жеткізілетіндей жолмен көрсетілуі керек.

Егер аттрибуцияға деген құқықты бекіту кезінде автор псевдоним, инициалдар немесе есімді анықтаудың қандай да бір басқа да жолы, айталық символ (1993 және 2000 жылдар аралығында музыкант ханзадаға



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Моральдық құқықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

қажет болғандай) қолданылуы керек деп көрсетсе, онда сол форма қабылдануы тиіс.

Автор немесе режиссер ретінде көрсетілу құқығы, тек, туындыны белгілі бір жағдайлар аясында пайдаланған кезде ғана қажет болады. Аталмыш құқық қолданылатын нақты жағдайлар, қарастырылатын туындының түріне байланысты әртүрлі болғанымен, олардың барлығында да, мейлі әрекет тұтас туындыға немесе оның айтарлықтай бөлігіне қатысты болсын, қолданылады.

Әдеби немесе драмалық туындының авторы, туындының көшірмелері коммерциялық мақсатта жарияланған немесе туынды көпшілік алдында орындалған, болмаса трансляцияланған сайын өз есімінің көрсетілуін талап етуге құқылы.

Ән авторларына берілетін құқықтардың сәл айырмашылықтары бар. Әннің музыкасының немесе сөзінің авторы, көшірмелердің, әндер, дыбыс жазбалары немесе фильмдер жинағы сияқты коммерциялық жарияланымдарында, егер онда автордың әні кірсе, есімінің көрсетілуіне құқығы бар.

Көркемөнер туындысына байланысты аттрибуция құқығы жағдайларында, егер туынды коммерциялық тұрғыда жарияланса, көпшілік алдында көрмеге қойылса немесе оның визуалды бейнесі трансляцияланса немесе кабельдік хабар таратуға енсе, онда автордың есімінің көрсетілуіне құқығы бар. Егер өнер туындысы түсіріліп алынған болса, онда фильмнің көшірмелері қалың көпшілік үшін шығарылғанда немесе егер фильм көпшілікке көрсетілсе, ондай кезде автор есімі көрсетілуі керек.

Фильм көпшілік алдында көрсетілген кезде, трансляцияланғанда немесе кабельдік қызметке енгізілген кезде, оның режиссерінің есімі көрсетілуге құқықты. Фильмдердің көшірмелерінде оның режиссерінің есімі аталуға құқықты, бірақ бұл жалға беруге қатысты емес (сыңайлы).

1988 жылы қабылданған Заң бойынша (CDPA), аттрибуция құқығы аясында бірқатар ережеден тыс жағдайлар мен біліктіліктер қарастырылған. Аттрибуция құқығы, егер жұмыс беруші немесе авторлық құқық иесі репродукцияны авторизацияласа немесе т.б. әрекеттер жасаса, онда аттрибуция құқығы қолданылмайды делінген 79(3)-бабымен шектелген.

1988 жылы қабылданған Заң, сонымен бірге, егер қарастырылып отырған әрекет, дыбыс жазбасы, фильм немесе трансляция арқылы ағымдағы оқиғаларды баяндау мақсатындағы адал пайдалану болса, онда бұл құқықбұзушылық емес деп таниды.

Дизайн туралы заң мен Авторлық құқық туралы заң аралығындағы туындыларға қатысты аттрибуция құқығына байланысты өзге ережеден тыс жағдайлар да бар. 1988 жылы қабылданған Заңның 51-бөлімінде (және бұдан бұрын 52-бөлімде де) қарастырылған, авторлық құқықбұзушылық жағдайында қолданылатын қорғаныстар, аттрибуция құқығының бұзылу жағдайларында да қолданылады. Демек, егер, қандай да бір тұлға дизайн құжаты туралы мақала жазса, дизайн авторын көрсету міндетті емес.

Жалған аттрибуцияға қарсылық білдіру құқығы, біріккен Корольдіктердегі статуттық моральдық құқықтардың ішіндегі ең көне құқық. 1988 жылы қабылданған Заңның 84-бөлімінде қайта күшіне енген бұл құқық, аттрибуция құқығына қарама-қарсы, оның өзге бір қыры болып табылады: аттрибуция құқығы, авторларды, өздері жасаған туындыларда есімдерінің көрсетілу құқығымен қамтамасыз етсе, ал жалған аттрибуцияға қарсылық білдіру құқығы, егер туындының жасалуына қатыссыз болса, тұлғаның есімінің оның авторы ретінде көрсетілмеуіне құқық береді. Аттрибуция құқығына қарағанда, жалған аттрибуцияға қарсылық білдіру құқығы, шағымданушының автор екеніне немесе еместігіне қарамастан қолданылады.

Жалған аттрибуция таңылған туындының көшірмелерін көпшілікке арнап шығарушы немесе оны көпшілік алдында көрмеге қоюшы тұлға, жалған аттрибуцияға қарсылық білдіру құқығын бұзған болады (жалған аттрибуцияны таңған тұлғаға қарағанда).

Авторлық жұмысқа жалған аттрибуция таңылған делінген келесі бір шешімде, автор ретінде, автордың келісімінсіз туындыға айтарлықтай үлес қосқан өзге тұлға көрсетілмеді.

Жалған аттрибуцияға қарсылық білдіру құқығы, заңда белгіленбеген, мысалы, біреудің атын жамылу немесе деффамация сынды түрлі әрекеттермен толыға алады. Біріншісі бойынша, тұлға, егер туынды шын мәнінде жауапкердікі болса, бірақ шағымданушынықы деп кате көрсетілгенде шағымдана алады.

1988 жылы қабылданған Заңдағы қолсұқпаушылық құқығы, сол кезде заңға енгізілген жаңашылдықтардың ішіндегі маңыздыларының бірі болды. Қолсұқпаушылық моральдық құқығының мерзімі туындыға деген авторлық құқық мерзімімен бірдей. Қолсұқпаушылық құқығы дегеніміз - туындыны немесе оның кез-келген бөлігін кемсітушілікке қарсылық білдіру құқығы. Авторға осындай айрықша құзыреттің берілуіне, суретші туындыны дүниеге келтіру барысында оған өзінің тұлғалығының бір бөлшегін қосады, ал ол бұрмалап пайдалану мен бұра тартушылықтан қорғалуы тиіс деген түсінік негіз болады.

1988 жылы қабылданған Заңда (CDPA) мойындалған өзге де моральдық құқықтар сынды, қолсұқпаушылық құқығы әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркемөнер туындысының авторына және



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Моральдық құқықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

фильм режиссеріне беріледі.

Егер автор немесе режиссер төмендегілерді дәлелдей алса, қолсұқпаушылық құқығының бұзылғанын білдіреді:

- туынды «кемсітушілікке ұшыраса»;
- туынды, автор кемсітушілік қарым-қатынастан қорғалған жағдайларда пайдаланылса;
- ешбір ережеден тыс жағдайлар қолданылмайтын кезде; және
- құқық алынып тасталмағанда немесе әрекетке автордың келісімі берілген кезде.

Автор немесе режиссер қолсұқпаушылық құқықтарының бұзылғандығын дәлелдеуі үшін, өз туындыларының «кемсітушілікке ұшырағанын» көрсетуі қажет. «Кемсітушілік» ұғымының мағынасына үңілмес бұрын, Заң, «ұшырау» деген сөзге қандай мағына беріп тұрғанын анықтап алған жөн.

Біріккен Корольдіктер заңында қолданылатын «ұшырау» терминінің мағынасының, Берн Конвенциясының, авторға, туындыға қатысты «кез-келген ... кемсітушілік әрекетке» қарсылық білдіру құқығы берілуін талап ететін, 6 bis бабында қолданылатын мағынаға қарағанда аясы тарлау. Берн Конвенциясында қолданылатын аясы кең анықтамаға салсақ, тіпті туындының композициясы немесе құрылымы өзгертілмеген күнде де, туындының ұшырауы мүмкін екендігін жоққа шығармайтын сыңайлы. Туындының мағынасы мен маңызына әсер етілсе, ол өзгеріске ұшырауы мүмкін екенін атап өту маңызды. Мысалы, туындыны жаңа контекстке орналастыру сынды қарапайым әрекет, айталық, діни рухта салынған көркемөнер туындысын эротикалық өнер туындысымен қатар қою, Біріккен Корольдіктер заңы бойынша, туындыны өзгеріске ұшырату деп саналмайды деген пайым айтылды. Алайда, бұл, Берн Конвенциясы бойынша, өзгеріске ұшырату деп танылады.

Бұған қатысты прецеденттік құқықтың қоры аз болғандықтан, Біріккен Корольдіктер заңы бойынша, келесі болатын жағдайлардың қайсысы «өзгеріске ұшырату» болатынын тек болжай аламыз: жазылған екі туындыны байлаулары шешілмеген күйінде қатар қою ма? Туындының атауын өзгерту ме?

«Туындыны «өзгеріске ұшырату» дегеніміз ... аясы кең, жалпылама тұжырымдама; de minimis әрекеттерінен өзге, оның ішіне, айталық, поэмаға бір ғана сөз қосудан бастап, туындыны толығымен қайта құрып шығуға дейінгі аралықтағы әрекеттер спектрі кіреді». Сонда қалай ажыратамыз?

«Өзгеріске ұшырату» деп есептелетін әрекеттер түріне әдеби, және драмалық туындылардың аудармалары және музыкалық туындылардың әрлеуі немесе кілті, болмаса регистрі ғана өзгертілген транскрипциясы кірмейді. Бұл жерде моральдық құқықтардың неге қолданылмайтыны түсініксіз. Осыған қатысты барынша бір сенімсіз түсінік берілген.

1988 жылы қабылданған Заң аясында, «бұрмалау» немесе «бұра тарту» деген ұғымдардың нені білдіретіні туралы аз айтылған. *Tidy v. Natural History Museum* ісінде, туынды «бұрмалауға» ұшырады деген түсінік «өзгеше айтқанда зиян келтіруші» деген мағынаға балама ретінде қолданылды.

Аталған критерийді қолдана отырып, судья, түпнұсқа мен қарастырылып отырған өнер туындысындағы түстердің белгілі бір вариациясы (брошюра дизайны), аса маңызды емес дүниенің қалдырылуы және көлемнің өзгеруі туындыны кемсітушілік болмайды деген көзқарасты ұстанды.

Осы аталған шешімдерге қарамастан, Біріккен Корольдіктерде туындыны кемсітушілікпен пайдалану нақты қалай түсіндірілетіні әлі анық емес. Атап айтқанда, туындыны пайдалану автордың ар-намысы мен беделіне зиян келтіретіні объективті немесе субъективті тұғырлардан шешілуі керек пе, жоқ па деген мәселе әлі де нақтыланбаған.

Британ заңнамасына «бедел» ұғымы таныс болғанымен, «ар-намыс» ұғымы туралы бұлай дей алмаймыз. Егер «ар-намыс» адамның өзі туралы ой-пікірі дегенді білдірсе (және содан да Рим құқығындағы *dignitas* ұғымына сәйкес болса), онда ар-намыс туралы наным немесе сенім күшті субъективті элементпен байланысты болуы мүмкін.

Әдеби, драмалық және музыкалық туындыларға қатысты, туындыны кемсітушілікпен пайдалануға қарсылық білдіру құқығы, егер туындыны кемсітушілікпен пайдалану коммерциялық негізде жарияланса, көпшілік алдында орындалса немесе көпшілікке таратылса ғана қолданылады. Фильм немесе дыбыс жазбасының кемсітушілікпен пайдаланылған көшірмелері көпшілікке таратылған кезде де осы құқықты қолдануға болады.

Сонымен қатар, кейбір әрекеттер қолсұқпаушылыққа деген құқықты екіншілік бұзу болуы мүмкін. Бұл, егер тұлға құқықбұзушылық жұмысты оның сонда екенін біле тұра немесе білуге қисынды себептері бар бола тұра, меншіктесе, сатса немесе жалға берсе, өзгелерге ұсынса немесе сату немесе жалға беру үшін көпшілік алдына қойса, немесе оны дистрибуцияласа орын алады.

1988 жылы қабылданған Заң бойынша, қолсұқпаушылық құқығына қатысты бірқатар ережеден тыс



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Моральдық құқықтар

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

жағдайлар қарастырылған. Айта кетерлігі, адал пайдалану немесе дизайн-авторлық құқықпен қорғалған интерфейске қатысты қорғаныстардың жоқтығы назар аудартады.

Қызметкерлер жасаған туындыларға қатысты, қолсұқпаушылыққа деген құқық, авторлық құқық иесінің өкілетімен жасалған кез-келген туындыға қолданылмайды. Бұл жерде құқық қолданылатын тек екі ғана нақты жағдай бар.

Бұл аталған жалпы позициядағы ережеден тыс жағдайларға, автор/ қызметкердің аты-жөні көрсетілуі тиіс болатын жағдайлар ғана жатады. Заң жұмыс беруші мен құқық иесінің қажеттіктеріне артықшылық бергенімен, егер туынды өзгертілсе, онда қызметкердің атын автор ретінде көрсету қажеттігі болмайды. Демек:

Құқық ... мұндай туындыға қатысты құқық иесінің өкілетімен жасалған кез-келген әрекетке қолданылмайды, егер автор немесе режиссер -

- қарастырылып отырған әрекет кезінде анықталмайынша, немесе
- туындының алдында жарық көрген көшірмелерінде анықталмаса

Дегенмен, тіпті аталған жағдайларда да, егер «жауапкершіліктен жеткілікті түрде бас тарту», яғни туынды автор немесе режиссер келісім бермеген түрде пайдаланылғаны анық және барынша айқын болса да, қолсұқпаушылық құқығы бұзылмайды.

Қолсұқпаушылыққа деген моральдық құқықтың бұзылуына қатысты арнайы қорғаныстар да бар. Атап айтқанда, қылмыс жасаудан қашу мақсатында жасалған кез-келген нәрсе бұл құқықты бұзбайды (мысалы, 1959 жылы қабылданған, Дөркі жарияланымдар туралы Заңға немесе 1986 жылы қабылданған Қоғамдық тәртіп туралы Заңға сәйкес), заң міндеттемелері немесе оның аясындағы әрекеттерге сәйкес, немесе (BBC жағдайындағыдай) «өздері трансляциялайтын бағдарламаларға жақсы талғам мен ар-ұяттылыққа қарама-қайшы келетін немесе қылмысқа итермелейтін немесе тәртіпсіздікке шақыратын немесе қоғам пікірін аяққа таптайтын дүниелерді кіргізуден қашу».

Қол сұқпаушылыққа деген моральдық құқық өзге де моральдық құқықтар сынды біреуге беріле алмаса да, 1988 жылы қабылданған Заңның 87-бабында, жазбаша келісім беру арқылы олардан бас тартуға болады деп көрсетілген. Мұндай бас тартулар нақты немесе жалпылама болуы мүмкін және қолданыстағы немесе болашақ туындыларға қатысты болуы мүмкін. «Объективті бақылаушылар, бас тарту туралы мұндай кең аялы ережелер, теория жүзінде де, тәжірибе жүзінде де моральдық құқықтар ережелерін айтарлықтай бұзады және шынында мүлде ескермей, оның нәтижелілігін жоққа шығаратынын растайды» делінеді.

Осы сынды, өз жұмысына деген кемсітушілік қарым-қатынасқа қарсылық білдіру үшін автордың моральдық құқықтарға емес келісімшартқа сүйене алатын көптеген жағдайлар бар. *Frisby v. BBC* 144 ісінде шағымданушы BBC-ге пьеса жазып берген. Ал BBC болса, қажетсіз деп тауып, «Менің досым Сильв, маған тұрып тұрған қауіпсіз деп айтты...»- деген жолды алып тастаған. Күрделі келісімшарт ережелері бойынша, BBC-ге «құрылымдық» өзгерістер жасауға рұқсат етпейді, дегенмен сценарийге «болар-болмас» өзгерістер енгізуге рұқсат етілген.